ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ
КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУ
1-бөлім
Негізгі ережелер

Информационная технология
МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КЛЮЧАМИ
Часть 1
Основные положения

ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-1-2008

(ИСО/ХЭТК 11770-1:1996 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 1-бөлім. Негізгі ережелер», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУ

1-бөлім
Негізгі ережелер

ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-1-2008
(ИСО/ХЭТК 11770-1:1996 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 1-бөлім. Негізгі ережелер», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**.

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті 2008 жылғы «25» ақпандағы №107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасы экономикасының қажеттіліктерін көрсететін талаптар мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленіп «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 1-бөлім. Негізгі ережелер» ИСО/ХЭТК 11770-1:1996 халықаралық стандартына («Information technology. Security techniques. Key management. Part 1. Framework»), IDT сәйкес.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Ақпараттық технологияларда мәліметтерді заңсыз ашудан немесе өзгертуден қорғау үшін, сәйкестендіру үшін және бас тартпаушылықты қамтамасыз ету үшін криптографиялық тетіктерді пайдалануда әрдайым өсіп жатқан қажеттілік туындауда. Бұл тетіктердің қауіпсіздігі мен сенімділігі кілт секілді құпия шаманы басқару мен қорғауға тікелей байланысты. Кілттерді қауіпсіз басқару криптографиялық қызметтердің бір жүйеге шоғырлануы үшін күрделі, өйткені қауіпсіздіктің ең жақсы дамыған тұжырымдамасы кілттерді басқарудың әлсіз жүйесінде тиімсіз болып қалады. Кілттерді басқарудың мақсаты – симметриялық немесе асимметриялық криптографиялық әдістерде пайдаланылатын криптографиялық кілттік материалдармен жұмыс істеу барысында жасалынатын шараларды қамту.

Тіке және жанама пайдаланушылар үшін тегі, тұтастығы, өзектілігі және (құпия кілттер үшін) құпиялығы секілді қасиеттеріне кепілдік беріле алатын кілттік материалды жасау негізгі мәселе болып табылады. Кілттерді басқаруға кілттік материалдарды қауіпсіздік саясатына сәйкес (ГОСТ ИСО 7498-2) біріктіру, сақтау, тарату, жою және архивтеу қызметтері енеді.

Осы стандарт ашық жүйелер қауіпсіздігінің Негіздеріне ерекше қатысы бар (*ҚР СТ ИСО/МЭК 10181*). Осыны қоса, барлық Негіздер қауіпсіздіктің түрлі тұрғыларын қамтитын тетіктердің базалық тұжырымдамалары мен мінездемелерін белгілейді. Осы стандарт симметриялық және асимметриялық криптографиялық әдістер үшін негізгі болып табылатын кілттерді басқарудың жалпы үлгілерін іске енгізеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ
КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУ
1-бөлім
Негізгі ережелер

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт:

1. Кілттерді басқарудың мақсаттарын белгілейді.

2. Кілттерді басқарудың тетіктері негізделетін жалпы үлгіні суреттейді.

3. Осы стандарттың барлық бөліктеріне жалпы болып табылатын кілттерді басқарудың базалық тұжырымдамаларын белгілейді.

4. Кілттерді басқаруға көрсетілетін қызметтерді белгілейді.

5. Кілттерді басқару әдістерінің мінездемелерін белгілейді.

6. Кілттік материалдың өмірлік циклі бойы оны басқаруға қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Кілттік материалдың өмірлік циклі бойы оны басқарудың құрылымын белгілейді.

Осы стандарт пайдаланылатын нақты криптографиялық алгоритмге қатысты емес кілттерді басқарудың жалпы үлгісін анықтайды. Бірақ кілттерді таратудың кейбір әдістері нақты алгоритмдердің қасиеттеріне мысалы, ассиметриялық алгоритмдердің қасиеттеріне қатысты болуы мүмкін. Ақпаратты криптографиялық қорғаудың нақты құралдарын таңдау және қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді және осы стандарттың қарастыру объектісі болып табылмайды.

Кілттерді басқарудың нақты әдістері *ИСО/МЭК 11770* басқа бөлімдерінде қарастырылады. Симметриялық әдістер 2-бөлімде қарастырылады (*ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2, Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 2-бөлім. Симметриялық әдістерді қолданатын тетіктер*). Асимметриялық әдістер 3-бөлімде қарастырылады (ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-3 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтудың әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 3-бөлім. Асимметриялық әдістерді қолданатын тетіктер).

Осы стандартта ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2 және *ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-3* түсіну үшін қажетті материалдар бар. Кілттерді басқару тетіктерін пайдалану мысалдары *ИСО 8732* және *ИСО 11166* стандарттарында келтіріледі. Егер кілттерді басқару үшін жұмыс істемей қалмауы қажет болса, ИСО/МЭК 13888 қолдануға болады (оның ішінде *ҚР СТ ИСО/МЭК*

13888-2). Осы стандарт кілттерді басқаруға көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын операциялардың реттілігі мен деректер элементтерінің құрылымын қоса кілттерді автоматтық және қолмен басқару тұжырымдамаларын қарастырады. Бірақ бұл құжат қажет болуы мүмкін алмасу хаттамаларының бөлшектерін белгілемейді.

Қауіпсіздіктің басқа да қызметтері секілді, кілттерді басқару қауіпсіздіктің белгілі саясаты шеңберінде ғана ұсынылуы мүмкін. Қауіпсіздік саясатын белгілеу бұл стандарттың қарастырылуына енгізілмеген.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ГОСТ ИСО 7498-2:2002 Ақпаратты өңдеу жүйелері. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Базалық эталондық үлгі. 2-бөлім. Қауіпсіздік архитектурасы.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10116-2006 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. N-биттік блоктық шифрлердің жұмыс тәртібі.

ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2: 2006 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 2-бөлім. Симметриялық әдістерді қолданатын тетіктер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-1-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері. 1-бөлім. Негізгі ережелер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Ашық жүйелер үшін қауіпсіздік негіздері: Шолу.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Асимметриялық криптографиялық әдіс (asymmetric cryptographic technique): Екі байланысты түбегейлі өзгерістерді пайдаланатын криптографиялық әдіс: ашық түбегейлі өзгеріс (ашық кілтпен белгіленеді) және жабық түбегейлі өзгеріс (құпия кілтпен белгіленеді). Осы түбегейлі өзгерістер жұбының бір қасиеті бар, бұл мәліметтер блогының ашық түбегейлі өзгерістерін ғана пайдалана отырып, есептеу жолымен сол мәліметтер блогының құпия түбегейлі өзгерістерін ала алмау.

3.2 Жабық кілт (private key): Мәндер кілттерінің асимметриялық жұбынан осы мән ғана пайдалана алатын кілт.

Ескертпе – Жабық кілт ашылуға қажетті емес.

3.3 Ашық кілт туралы ақпарат (public key information): Ең болмағанда, мәннің айырмашылық ұқсастығы бар, және де осы мәнге бір ашық кілті бар дербес мәнге қатысты ақпарат. Ашық кілт туралы ақпаратқа ашық кілттің қолданылу мерзімі, сәйкес құпия кілттің әрекет ету мерзімі немесе пайдаланылатын криптографиялық алгоритмдердің ұқсастығы секілді куәландырушы орталық, мән және ашық кілт туралы қосымша ақпараттар енгізілуі мүмкін.

3.4 Кілт (key): Криптографиялық түбегейлі өзгерістер операцияларын басқаратын (мысалы, шифрлау, шифрын ашу, тексеру криптографиялық функцияларын есептеу, қолды генерациялау немесе верификациялау) белгілердің жүйелілігі.

3.5 Кілттік материал (keying material): Криптографиялық қатынастарды орнатуға және қолдауға қажетті мәліметтер (мысалы, кілттер, бастапқы мағыналар).

3.6 Кілтті бақылау (key control): Кілтті есептеп шығару барысында кілтті немесе шамаларды таңдау мүмкіншілігі.

3.7 Уақыт таңбасы (time stamp): Уақыттың жалпы есебінде уақыт сәтін белгілейтін уақытқа тәуелді шама.

3.8 Ашық кілт (public key): Мәндер кілттерінің асимметриялық жұбынан жалпыға ашық бола алатын кілт.

3.9 Уақытқа тәуелді шама (time variant parameter): Хабарлама қайталанбағанын верификациялау үшін мәнді қолданатын кездейсоқ сан, реттік сан немесе уақыт таңбасы секілді мәліметтер элементі.

3.10 Кілтті растау (key confirmation): Бір мәннің екінші мәнде дұрыс кілті бар болуына кепілдік.

3.11 Реттік сан (sequence number): Уақыттың белгілі кезең шеңберінде қайталанбайтын, мәні тапсырылған реттіліктен таңдалатын уақытқа тәуелді шама.

3.12 Шифрын ашу (decipherment): Шифрлауға сәйкес қарама-қарсы іс.

3.13 Құпия кілт (secret key): Белгілі көптеген мәндер ғана қолданатын симметриялық криптографиялық әдістерде пайдаланылатын кілт.

3.14 Ашық кілт сертификаты (public key sertificate): Кейін жасанды емес ретінде қарастырылатын, куәландырушы орталықпен расталған мәннің ашық кілтінің ақпараты. Осы терминге балама Қазақстан Республикасы заңнамасында қолданылатын «тіркеу куәлігі» термині болып табылады.

3.15 Симметриялық криптографиялық әдіс (symmetric cryptographic technique): Бір ғана құпия кілтті жіберуші жағынан да, алушы жағынан да хабарламаны түбегейлі өзгерту үшін пайдаланылатын криптографиялық әдіс. Құпия кілтті білмей хабарламаны жіберуші немесе алушы жағынан түбегейлі өзгерістерді ашу мүмкін емес.

3.16 Кездейсоқ сан (random number): Мағынасы алдын ала болжамдалмайтын уақытқа тәуелді шама.

3.17 Кілтті қиыстыру (key agreement): Бірде біреуі кілттің мағынасын алдын ала жобалай алмайтын жолмен екі мәндердің жалпы құпия кілтін қалыптастыру ісі.

3.18 Куәландыратын орталық - КО (certification authority - CA): Ашық кілттердің сертификаттарын қалыптастыруға және таратуға уәкілді орган. Бұдан басқа, КО мәндерге кілттерді қалыптастырып, тарата алады.

3.19 Кілттерді басқару (key management): Қауіпсіздік саясатына сәйкес генерация, тіркеу, сертификаттау, тіркеуді жою, тарату, орнату, сақтау, архивтеу, жою процестерін басқару және пайдалану, туындыны қалыптастыру және кілттік материалдарды жою.

3.20 Кілттерді тарату орталығы (КТО) (key distribution center (KDC)): Әрбіреуінде КТО-ға бірдей кілті бар мәндердің арасында кілттерді қалыптастыруға немесе сұратуға және таратуға уәкілді мән.

3.21 Кілттерді трансляциялау орталығы (КТО) (key translation center (KTC)): Әрбіреуінде КТО-мен бірдей кілті бар мәндердің арасында кілттерді трансляциялауға уәкілді мән.

3.22 Шифрлау (encipherment): Шифрланған мәтінді алу үшін мәліметтерді криптографиялық алгоритммен түбегейлі өзгерту (қайтымды), яғни мәліметтердің ақпараттық мазмұнын жасыру үшін.

Осы стандартта *ИСО 7498-2* бойынша мына терминдер қолданылады:

- **мәліметтер дереккөзін сәйкестендіру** (data origin authentication);
- **мәліметтердің тұтастығы** (data integrity);
- **цифрлік қол** (digital signature).

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО 9798-1* бойынша мынадай терминдер қолданылады:

- **мәнді сәйкестендіру** (entity authentication).

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО 10181-1* бойынша мынадай терминдер қолданылады:

- **сенімді үшінші жақ** – СҮЖ (trusted third party – TTP);
- **қауіпсіздік домені** (security domain);
- **қауіпсіздік бойынша уәкілетті** (security authority);

4 Кілттерді басқарудың жалпы мәселелері

Кілтті басқару - бұл топтау, тіркеу, сертификаттау, тіркеуді жою, тарату, орнату, сақтау, архивтеу, жою, туындыны қалыптастыру және кілттік материалдарды жою қызметтерін басқару және қолдану.

Кілттерді басқару мақсаты – кілттерді басқару қызметтерін басқару және қолданудың қауіпсіздігін қамту және, сол себептен, кілттерді қорғау өте маңызды.

Кілттерді басқару істері қолданатын криптографиялық әдістерге, кілтті жорамалды қолдануға және ағымдағы қауіпсіздік саясатына байланысты. Кілттерді басқару ісіне криптографиялық жабдықтарда орындалатын қызметтер де енеді.

4.1 Кілттерді қорғау

Кілттер криптографиялық әдістерге тиісті, қауіпсіздіктің әрбір жүйесінің қиын бөлшегі болып табылады. Кілттердің қажетті қорғанысы кілттер қолданылатын қосымша түрі, оларда кездесетін қауіп-қатерлер, кілттерді пайдалануда кездесетін түрлі жағдайлар, т.б. секілді мәндер қатарына байланысты. Алдымен криптографиялық әдіске байланысты кілттер ашылудан, өзгертілуден, жойылудан және жаңғыртылудан қорғанылуға тиіс. Кілттерге жасалынуы мүмкін қауіп-қатерлер мысалдары А қосымшасында келтірілген. Кілттің жарамдылығы оны пайдалану мерзімі мен саны бойынша шектелуі қажет. Бұл шектеулер кілтті ашуға жасалынған шабуылды жүргізу үшін қажетті мәліметтер көлемімен және уақытымен, сонымен бірге қорғалатын ақпараттың құндылығымен белгіленеді. Басқа кілттерді генерациялау үшін қолданылатын кілттер генерациялайтын кілттерден гөрі үлкен қорғанысты қажет етеді. Кілттер қорғанысының басқа маңызды жағы оларды дұрыс емес қолдануға жол бермеу болып табылады, мысалы, кілттерді шифрлауға арналған кілттің мәліметтерін шифрлауға пайдалану.

4.1.1 Криптографиялық әдістермен қорғау

Криптографиялық әдістерді қолдану кейбір кілттік материалға қарсы тұруға мүмкіндік береді. Мысалы: шифрлау кілтті ашудан және заңсыз пайдаланудан қорғайды; мәліметтердің тұтастығын қамту әдістері өзгерістерден қорғайды; мәліметтер дереккөзінің сәйкестендіру әдістері, цифрлік қолдар және мәндерді сәйкестендіру әдістері ауыстыруға қарсы тұрады.

Криптографиялық әдістерді қолданудың бөлінісі оларды дұрыс емес пайдаланудан қорғайды. Мұндай атқарымдық қолданудың бөлінісі кілтпен кейбір ақпаратты байланыстыру жолы арқылы жетілуі мүмкін. Мысалы, басқару ақпаратының кілтке байлануы белгілі кілттің белгілі мақсаттар үшін пайдалана алатындығына кепілдік береді (мысалы, кілттерді шифрлау немесе мәліметтер тұтастығын қамту үшін); симметриялық әдістер қолданылса, кілтке бақылау жүргізу авторлықтан бас тартпауды қамту үшін қажет.

4.1.2 Криптографиялық емес әдістермен қорғау

Уақыт таңбалары кілтті белгілі уақыт мерзімі бойы қолданылуын шектеу үшін қолданылады. Олар реттік сандармен қатар кілтті келістіру процесінде ақпаратты жаңғыртудан қорғайды.

4.1.3 Физикалық деңгейде қорғау

Қауіпсіздік жүйесіндегі әрбір криптографиялық құрылғы өзі қолданатын кілттік материалды өзгертуден, жоюдан және, ашық кілттен басқа, ашудан қорғауды талап етеді. Кілтті сақтау және қолдану үшін құрылғының криптографиялық алгоритмдерді жүзеге асыру үшін қорғалатын саласы бар. Олар мыналарға құралдар ұсынылa алады:

– кілттік материалды кілтті сақтаудың басқа дербес құрылғысынан жүктеу;

– дербес «зияткерлік» құрылғыларда жүзеге асырылған криптографиялық алгоритмдермен өзара қатынас жасау (мысалы, смарт-карталарда, сақтау карталарында);

– кілттік материалды сыртқы тасымалдаушыларда сақтау (мысалы, дискетада).

Әдетте, қорғалған сала физикалық қорғау тетіктерінің көмегімен қалыптасады.

4.1.4 Ұйымдастырушылық әдістермен қорғау

Кілттерді қорғау құралдарының бірі оларды сатылық құрылыммен ұйымдастыру болып табылады. Иерархияның төменгі деңгейінен басқа, иерархияның бір деңгейіндегі кілттер бір деңгейге төмен кілттерді қорғау үшін ғана қолданылады. Тек қана иерархияның ең төменгі деңгейдегі кілттер қауіпсіздік қызметтерінде тікелей қолданылады. Мұндай тәсіл шабуылдардың жасалуын шектеп, олардың іске асырылуын қиындата отырып, әрбір кілттің пайдалану шеңберін шектеуге мүмкіндік береді. Мысалы, бір сессиялық кілттің ашылуы осы кілтпен ғана қорғалған ақпараттың ашылуына жол береді.

Қорғалған салалардың қолданысы уәкілді емес мәндермен кілтті ашу, өзгерту және жою қауіп-қатерлеріне қарама-қарсы тұруға бағытталған. Бірақ кілттерді басқару қызметтерінің бөлшектерін басқарудың белгілі функцияларын орындауда уәкілді жүйелік басшылары өз мүмкіндіктерінің ерекше артықшылықтарын дұрыс реттей алмауының қауіп-қатері бар. Жеке алғанда, олар негізгі кілтті алуға талпына алады (жоғарғы деңгей кілті кілттер иерархиясында). Негізгі кілтті ашу оның иесіне сол кілтпен қорғалған барлық басқа кілттерді алуға немесе өзгертуге мүмкіндік бере алады (яғни осы кілттер иерархиясындағы барлық басқа кілттер). Сондықтан бұл кілтке енуді шектеу қажет, мысалы, ешқандай пайдаланушы бір өзі ғана оған кіруге рұқсат алмайтындығын белгілеу арқылы. Мұны негізгі кілтті

бөлу (кілтті екі жақты басқару не болмаса n-жақты басқару) немесе арнайы криптографиялық сызбаларды қолдану (Құпия ақпаратты бірігіп қолдану сызбасы) арқылы жүзеге асыруға болады.

4.2 Кілттің өмірлік кезеңінің жалпы үлгісі

Криптографиялық кілт оның өмірлік кезеңі белгілеген түрлі жағдайлардан өтеді. Үш негізгі жағдайлар - бұл:

Белсендіру алдында: Бұл жағдайда кілт генерацияланады, бірақ қолдану үшін қарқындалған жоқ.

Белсенді: Бұл жағдайда кілт ақпаратты криптографиялық өндеу үшін қолданылады.

Белсендіруден кейін: Бұл жағдайда кілт шифрды ашу немесе верификациялау үшін қолданылады.

Ескертпе – белсендіруден кейінгі жағдайдағы кілттің пайдаланушысы кілт мәліметтер криптографиялық өңделген соң бұл жағдайға ауысқанына сенімді болуы қажет. Әдетінше, бұл сенімді уақыт шамасының көмегімен қамтылады.

Біреумен ашылған кілт туралы белгілі болған соң, ол сол бетте белсендіруден кейінгі жағдайға ауысуы қажет, және ерекше қатынасты талап етуі мүмкін. Егерде кілттің заңсыз ашылуы белгілі болса немесе мұндай жағдайына күмәнданса, кілт біреумен ашылған болып табылады.

1-суретте айтылған жағдайлар мен тиісті ауысымдар көрсетілген.



1-сурет – Кілттің өмірлік кезеңі

1-суретте кілттің өмірлік кезеңінің жалпы үлгісі көрсетілген. Өмірлік кезеңнің басқа үлгілері айтылған үш жағдайдың жағдай астары түрінде

қосымша бөлшектерден тұра алады. Кілттердің көптеген өмірлік кезеңдері архивтеу бойынша әрекеттерді талап етеді. Бұл әрекеттер өмірлік кезеңнің нақты бөлшегіне тәуелді түрлі жағдаймен байланысты болуы мүмкін.

4.2.1 Кілттің жағдайлары арасындағы ауысымдар

Кілттің бір жағдайдан екінші жағдайға түсуі мүмкіндігінше (ол 1-суретте көрсетілгендей) ауысымдардың біреуін жүзеге асырады:

- **Генерация** - кілттің қалыптасу процесі. Кілттің генерациясы осыған тиісті жазылған ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Бұл іске барлық ережелер сақталғандығының тексерісі енуі мүмкін.
- Кілттің **қарқындауы** оны криптографиялық шаралар үшін қолайлы етеді.
- **Қарқынды жою** кілттің қолданысын шектейді. Бұл кілттің пайдалану мерзімі аяқталған себебінен немесе кілттің жойылуынан болады.
- **Қайталап қарқындау** белсендіруден кейінгі кілтті криптографиялық операцияларда пайдалануға мүмкіндік береді.
- **Жою** кілттің өмірлік кезеңін аяқтайды. Бұл кілттің логикалық жойылуын, және оның физикалық жойылуын да білдіреді.

Ауысымдар жаңа кілтті қажет ету, қолдану мерзімнің аяқталуы және кілттің өмірлік кезеңінің аяқталуы секілді жағдайлармен шартталады. Барлық осы ауысымдар бірқатар кілтті басқару қызметтерін пайдаланады. Ауысымдар мен қызметтер арасындағы байланыстар 1-кестеде көрсетілген. Бұл қызметтер 5-бөлімде мазмұндалған.

Әрбір нақты криптографиялық әдіс 1 – кестеде көрсетілген қызметтердің кейбір астарлы көпшілігін талап етеді.

4.2.2 Ауысымдар, қызметтер мен кілттер

Нақты криптографиялық әдістердегі кілттер өзінің өмірлік кезеңінде түрлі қызметтер қисынын пайдаланады. Екі мысал төменде келтірілген.

Симметриялық криптографиялық әдістерде кілттің генерациясынан кейінгі белсендіру алдындағы жағдайдан белсенді жағдайға ауысымы кілттің орнатылуына әкеледі және кілтті тіркеу мен таратуға да алып келуі мүмкін. Кейбір жағдайларда кілттің орнатылуына бір кілттен туындаған кілттердің қалыптастырылуы кіреді. Кілттің өмір уақыты белгіленген кезеңмен шектелуі қажет. Қарқынды жою белсенді жағдайды аяқтайды, бұл кілттің пайдалану мерзімі аяқталған соң болады. Егер кілт белсенді жағдайда біреумен ашылса немесе осыда күмәнданса, оның мүлдем жойылуы да белсендіруден кейінгі жағдайға ауысуына әкеледі. Белсендіруден кейінгі жағдайдағы кілтті архивтеуге болады. Егер архивтелген кілт тағы да қажет болса, ол қайта архивтелінуі мүмкін, бұл оның толық белсендіруі алдында қайта орнатылуы мен таратылуын талап етуі мүмкін. Керісінше жағдайда,

кілттің белсенділігі жойылған соң оның тіркелуі өзгеріп, кілт мүлдем жойылады.

Асимметриялық криптографиялық әдістерде кілттердің жұбы генерацияланады (ашық және жабық), және екі кілт те белсендіру алдындағы жағдайға ауысады. Екі кілттің өмірлік кезеңдері байланысты, бірақ бірдей емес. Жабық кілт белсенді жағдайға көшер алдында, ол міндетті емес тәртіпте тіркелуі, және осы міндетті емес тәртіпте оның пайдаланушысына жеткізілуі мүмкін, бірақ әрқашан орнатылған күйде болуы қажет. Жабық кілт үшін белсенді және белсендіруден кейінгі жағдайлар арасындағы ауысым, қарқынды жою, қайта қарқындау және жойылу жағдайларын қоса, симметриялық кілттер үшін суреттелген ауысымға жақын. Ашық кілт сертификатталған кезде ашық кілті бар сертификат ашық кілттің шынайылығы мен иелігін растау үшін КО-мен қалыптастырылады. Ашық кілттің бұл сертификаты таратылу үшін каталогқа немесе ұқсас қызметке орналастырылуы мүмкін, немесе ол таратылуы үшін иесіне қайтарылуы мүмкін. Кілт иесі жабық кілтпен жазылған ақпаратты жіберген кезде, ол өзінің сертификатын қосып жіберуіне болады. Кілттер жұбы ашық кілт сертификатталған соң белсенді болады. Кілттер жұбы цифрлік жазба үшін қолданылған кезде ашық кілт тиісті жабық кілттің қарқыны жойылған соң немесе мүлдем жойылған соң, белгісіз уақыт белсенді немесе белсендіруден кейінгі жағдайда болуы мүмкін. Ашық кілтке ену ісі тиісті жабық кілттің қолдану мерзімі өткен соң ғана жасалған цифрлік жазбаның верификациясы үшін қажет. Асимметриялық әдістермен жасалынған шифрлау және шифрлауға пайдаланылған кілттің қарқыны жойылса немесе мүлдем жойылса, жұптың тиісті кілті шифрды ашу кезінде қолдану үшін белсенді немесе белсендіруден кейінгі жағдайда болуы мүмкін.

Кілттің қолданысы осы кілтке қажетті қызметтерді белгіле алады. Мысалы, жүйе сессиялық кілттерді тіркемеуге шешім қабылдай алады, өйткені тіркеу ісі кілттің өмірінен ұзақ болуы мүмкін. Керісінше, симметриялық әдістер цифрлік жазбалар үшін қолданылған кезде, құпия кілт тіркелуге тиіс.

1-кесте – Ауысымдар мен қызметтер

Ауысым	***Қызмет***	***Ескертпелер***
Генерация	Кілтті генерациялау	Міндетті
	Кілтті тіркеу	Міндетті емес немесе сол кезде немесе белсендіру кезінде
	Кілттің сертификатын қалыптастыру	Міндетті емес
	Кілтті тарату	Міндетті емес

	Кілтті сақтау	Міндетті емес
Қарқындату	Кілттің сертификатын қалыптастыру	Міндетті емес
	Кілтті тарату	Міндетті емес
	Кілттің туындыларын қалыптастыру	Міндетті емес
	Кілтті орнату	Міндетті емес
	Кілтті сақтау	Міндетті емес
	Кілтті тіркеу	Міндетті емес немесе сол кезде, немесе генерация кезінде
Қарқынын жою	Кілтті сақтау	Міндетті емес
	Кілтті архивтеу	Міндетті емес немесе сол кезде, немесе жою кезінде
	Кілттің күшін жою	Міндетті емес
Қайта қарқындату	Кілттің сертификатын қалыптастыру	Міндетті емес
	Кілтті тарату	Міндетті емес
	Кілттің туындыларын қалыптастыру	Міндетті емес
	Кілтті орнату	Міндетті емес
	Кілтті сақтау	Міндетті емес
Мүлдем жою	Кілттің тіркелуін өзгерту	Кілт тіркелген кезде міндетті
	Кілтті мүлдем жою	Міндетті
	Кілтті архивтеу	Міндетті емес немесе сол кезде, немесе қарқындауды жою кезінде

5 Кілттерді басқарудың тұжырымдамалары

5.1 Кілтті басқару қызметтері

Бұл бөлім кілттерді басқарудың жалпы құрылымын суреттейді және кілттерді басқару қызметтерін, олардың өзара қарым-қатынастарын және оларға қандай қолдау көрсетілетіндігін түсіндіруге көмектеседі.

Кілттерді басқару ісі генерация, тіркеу, сертификаттау, тарату, орнату, сақтау, кілттің туындыларын қалыптастыру, архивтеу, күшін жою, тіркеуді өзгерту және жою базалық қызметтеріне негізделген. Бұл қызметтер кілттерді басқару жүйесінің бөлшегі бола алады немесе басқа қызмет көрсетушілерімен ұсынылa алады. Қызмет түріне байланысты қызмет көрсетуші оған барлық қатысушы жақтар сенуі үшін, қауіпсіздікті сақтаудың белгілі талаптарын орындауға тиіс (мысалы, қорғанған алмасу). Жеке алғанда, қызмет көрсетуші сенімді үшінші тарап болуы мүмкін. 2-суретте кілттерді басқару қызметтері бір деңгейде болып, олар түрлі пайдаланушылармен (адамдармен және процестермен) қолданылуы мүмкін екендігі көрсетілген. Бұл пайдаланушылар өздерінің мұқтаждықтарына сәйкес қызметтерді қолдана отырып, түрлі қосымшалардан кілттерді басқару қызметтеріне енуі мүмкін. Кілттерді басқару қызметтерінің тізімі 1-кестеде келтірілген.



2-сурет – Кілттерді басқару қызметтері

5.1.1 Кілтті генерациялау

Кілтті генерациялау – бұл нақты криптографиялық алгоритм үшін кілтті қауіпсіз түрде генерациялау үшін қолданылатын қызмет. Бұл кілттердің генерациясы амал-айла әрекетпен жасалуы мүмкін еместігін және кілттер кездейсоқ түрде және бөлінудің алдын ала заңына сәйкес қалыптастырылғандығын тұспалдайды. Бұл бөлу заңы қолданылатын криптографиялық алгоритммен және криптографиялық сақтаудың қажетті деңгейімен белгіленеді. Кейбір кілттердің, мысалы, негізгі кілттердің генерациясы, ерекше назарды талап етеді, өйткені бұл кілттерді білу барлық байланысты және туындаған кілттерге енуге рұқсат береді.

5.1.2 Кілтті-тіркеу

Кілтті-тіркеу қызметі кілтті мәнмен байланыстырады. Бұл қызмет тіркеу жөніндегі органмен ұсынылады және, әдетінше, симметриялық криптографиялық әдістер қолданған кезде пайдаланылады. Мән кілтті

тіркегісі келгенде, ол тіркеу органымен байланыс жасайды. Кілттің тіркеліміне тіркеуге сұраныс және тіркеуді растау кіреді.

Тіркеу органы тиісті қорғалған түрде кілттер тізімін және олармен байланысты ақпаратты қолдайды. В қосымшада кілттерді басқару бойынша толық ақпарат бар.

Тіркеу органы тіркеу және тіркеуді өзгерту операцияларын ұсынады.

5.1.3 Кілттің сертификатын қалыптастыру

Кілттің сертификатын қалыптастыру қызметі ашық кілттің мәнмен байланысын растайды және куәландыратын орталықпен ұсынылады. Егерде сертификаттауға сұраныс қабылданса, куәландыратын орталық кілттің сертификатын жасайды. Ашық кілттердің сертификаттары ИСО/МЭК 11770-3 –те нақты талқыланады.

5.1.4 Кілтті тарату

Кілтті тарату – бұл кілттерді басқарудың ақпараттық объекттерін авторланған мәндерге ұсыну үшін шаралардың жиынтығы (В қосымшасындағы мысалға қараңыз). Кілттерді таратудың ерекше жағдайы ретінде мәндер арасындағы кілттік материалмен алмасу кілттерді трансляциялау орталығын пайдалану арқылы жүзеге асырылғандағы кілттер трансляциясы болып табылады (6.2. - бөлігін қараңыз). *ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2* мәндер арасындағы кілттер келісуінің түрлі тетіктерін ұсынады. ИСО/МЭК 11770-3 -ге құпия кілттерді келістіру үшін тетіктер, сонымен бірге құпия және ашық кілттерді тасымалдау әдістері кіреді.

5.1.5 Кілтті-орнату

Кілтті-орнату қызметі әрқашан кілтті пайдалану алдында қажетті. Кілттің орнатылуы кілттің басқару жүйесіне оның біреумен ашылуын болдырмау үшін орналастырылуын білдіреді.

5.1.6 Кілтті-сақтау

Кілтті-сақтау қызметі ағымдағы қолданыс үшін және жақын кезге арналған, сонымен қатар резервтік сақтауға арналған кілттердің қауіпсіз сақталуын қамтиды. Әдетте кілттерді физикалық тәуелсіз сақтау орнын қамтудың мәні бар, бұл кілттік материалдың құпиялығын және тұтастығын, және де ашық кілттердің тұтастығын қамтиды. Сақтау кілттің өмірлік кезеңінің барлық жағдайларында қажет болуы мүмкін (яғни белсендіру алдында, белсендіру және белсендіруден кейінгі жағдайларда). Кілттердің маңыздылығына байланысты олар төменде келтірілген әдістердің біреуінің көмегімен қорғалуы мүмкін:

– физикалық қорғаныс (оларды заңсыз қолданудан қорғалған құрылғыларда немесе дискета не болмаса жады карталары секілді сыртқы тасымалдауыштарда сақтау);

– физикалық әдістермен қорғалған кілттермен шифрлау;

– кілттерге пароль немесе жеке код көмегімен енуді сақтау.

Барлық түйінді материалдар үшін әрбір біреумен ашу талпынысы сол кезде білінуі қажет.

5.1.7 Кілттің туындысын қалыптастыру

Кілттің туындысын қалыптастыру қызметі бастапқы кілт аталатын құпия кілтті, құпия емес ауыспалы мәліметтерді және кейбір түбегейлі өзгеріс процесті (ол да құпия емес болуы мүмкін) қолдана отырып, кілттердің үлкен санын шығару мүмкіндігін ұсынады. Бұл процестің нәтижесі туынды кілт болып табылады. Бастапқы кілт ерекше қорғанысты талап етеді. Туындаған кілттің біреумен ашылуы бастапқы кілттің немесе басқа туылған кілттердің ашылуына жол бермеуі үшін туынды кілтті қалыптастыру процесі қайтымсыз және оның нәтижесінің алдын алуға болмайды.

5.1.8 Кілтті-архивтеу

Кілтті-архивтеу қызметі кілттің қалыпты қолданысы аяқталған соң оның қауіпсіз ұзақ мерзім сақталу процесін қамтиды. Бұл үшін автономды сақтауды жүзеге асыру үшін түрлі өзгерістері бар кілттерді сақтау қызметін қолдануға болады. Архивтелген кілттер кілттің қалыпты қолданысы аяқталған соң, растау үшін немесе белгілі пікірлерді жоққа шығару үшін кешірек уақытта қажет болуы мүмкін.

5.1.9 Кілттің күшін жою

Кілттің біреумен ашылуы белгілі болса немесе осыған күмән болса, кілттің күшін жою қызметі кілт қарқынының қауіпсіз жойылуын қамтиды. Бұл қызмет пайдалану мерзімі аяқталған кілттер үшін қажетті. Кілт күшінің жойылуы оның иесінің жағдайлары өзгерген кезде де жүзеге асырылады. Кілттің күші жойылған соң, ол шифрларды ашуға және верификациялау үшін пайдаланылуы мүмкін. Кілттің күшін жою қызметі сертификаты бар сызбалар үшін жарамсыз, өйткені мұнда кілттің өмір уақыты оның сертификатының қолдану мерзімінің аяқталуымен белгіленеді.

Ескертпе – Кейбір қосымшалар осы қызмет үшін Кілтті жою деген атауды қолданады.

5.1.10 Кілттің тіркелуін өзгерту

Кілттің тіркелуін өзгерту қызметі кілттерді тіркеу органымен ұсынылып, кілттің мәнмен байланысын үзуді қамтиды. Бұл кілтті жою процесінің бөлігі болып табылады (5.1.11 бөлігін қараңыз). Мән кілт тіркелімін өзгерткісі келген жағдайда, ол тіркеу органына жүгінеді.

5.1.11 Кілтті мүлдем жою

Кілтті мүлдем жою қызметі керек емес кілттердің қауіпсіз жойылуын қамтиды. Кілттің мүлдем жойылуы - бұл осыдан кейін қалған қандай да болмасын ақпарат түрлі әдістермен жойылған кілтті жаңғырта алмайтын, кілтті басқарудың тиісті ақпараттық объектілерінің барлық жазбаларын жою дегенді білдіреді. Кілтті жоюға барлық оның мұрағаттық көшірмелерін жою кіреді. Бірақ архивтелген кілттерді жою алдында бұл кілттермен қорғалған қандай да болмасын материал кейін қажет болмайтындығына көз жеткізу қажет.

Ескертпе – Кейбір кілттер электронды құрылғыдан немесе жүйеден тыс сақталынуы мүмкін. Мұндай кілттердің жойылуы қосымша әкімшілік шараларды талап етеді.

5.2 Көмекші қызметтер

Кілттерді басқаруға көмекші қызметтер қажет болуы мүмкін.

5.2.1 Кілттерді басқаруды қамту қызметтері

Кілттерді басқару қызметтері қауіпсіздікпен байланысты басқа да қызметтерді пайдалана алады. Бұл қызметтерге мыналар кіреді:

- **Қол жеткізуді басқару:** бұл қызмет кілттерді басқару жүйесінің ресурстары авторланған мәндермен және ұйғарылған түрде қолданылуына кепілдік беру үшін пайдаланылады.

- **Аудит:** кілттерді басқару жүйесіндегі қауіпсіздік тұрғысынан маңызды әрекеттерді қадағалау. Аудит жазбалары ақпараттық қауіпсіздікті қамтудағы қауіп-қатерлер мен шығындарды сәйкестендіру үшін көмектесе алады.

Сәйкестендіру: бұл қызмет мәннің қауіпсіздік доменнің авторланған элементтеріне тәуелділігін растау үшін қолданылуы мүмкін.

Криптографиялық қызметтер: бұл қызметтер тұтастықты, құпиялықты, шынайылықты және істен шықпауды қамту үшін пайдаланылуы қажет.

Уақыт қызметі: бұл қызмет пайдалану мерзімі секілді уақыттық шамаларды генерациялау үшін қажет.

5.2.2 Пайдаланушыға бейімделген қызметтер

Криптографиялық жүйелер мен құрылғылар қалыпты жұмыс істеуге қажетті басқа да қызметтерді мысалы, пайдаланушыларды тіркеу қызметін талап ете алады. Бұл қызметтер жүзеге асырылуына тәуелді және осы стандартта қарастырылмайды.

6 Кілттерді таратудың тұжырымдамалық үлгілері

Мәндер арасындағы кілттердің таралуы күрделі іс болуы мүмкін. Бұл байланыс құралдарымен, тараптар сенімділігінің қатынастарымен және қолданылатын криптографиялық әдістермен белгіленеді. Мәндер тікелей немесе жанама қатынаса алады, бір немесе түрлі қауіпсіздік домендеріне қатысты бола алады, уәкілді органдар қызметтерін қолданыла алады немесе қолданыла алмайды. Келесі тұжырымдамалық үлгілер осы түрлі жағдайлар кілттер мен ақпараттардың таратылуына қалай әсер ететіндігін суреттейді.

6.1 Хабарласатын мәндер арасындағы кілттердің таратылуы

Мәндердің қатынас жолдарының мүмкіндіктеріне олардың арасындағы байланыс жолы, мәндер арасындағы сенімділік және қолданылатын криптографиялық әдістер әсер етеді.

А және В мәндері арасында криптографиялық әдістерді қолдана отырып, ақпаратпен алмасқысы келетін байланыс бар. Осы коммуникациялық байланыс 3-суретте көрсетілген. Жалпы, кілттер жөнелту жолдарынан логикалық өзгешеленетін қауіпсіздік жолдары бойынша таратылады.



3-сурет – Екі мәндер арасындағы байланыс жолы

Мәндер арасындағы тікелей байланыс кілтті келістіру, кілтті бақылау және растау жағдайларында қолданылады. Бұл жағдайлар ИСО/МЭК 11770 стандартының 2-бөлімінде (*ҚР СТ ИСО/МЭК 11770-2, Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Кілттерді басқару. 2-бөлім. Симметриялық әдістерді қолданатын тетіктер.*) және 3-бөлімінде (*ИСО/МЭК 11770-3, Ақпараттық технология. Қауіпсіздік әдістері. Кілттерді басқару. 3-бөлім. Асимметриялық әдістерді қолданатын тетіктер.*) толық қарастырылған.

6.2 Бір қауіпсіздік доменнің ішінде кілттерді тарату

Келесі үлгі *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-ге* сәйкес қауіпсіздік доменінің қауіпсіздік жөніндегі уәкілеттігі мен тұжырымдамасына негізделген. Қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті кілттерді басқару қызметтерін мысалы, кілттер трансляциясын ұсынып алады. Мәндер асимметриялық әдісті ақпаратпен қауіпсіз алмасу үшін қолданған кезде, келесі жағдайларды бөліп көрсетуге болады:

– мәліметтер тұтастығын тексеру немесе олардың дереккөзін сәйкестендіру үшін алушы жіберушінің ашық кілтінің тиісті сертификатын талап етеді;

– құпиялықты сақтау үшін жіберуші алушының ашық кілтінің қолданыстағы сертификатын талап етеді;

– сәйкестендіруді, құпиялықты және тұтастықты қамту үшін әрбір серіктес басқаның ашық кілтінің сертификатын талап етеді. Бұл бас тартпауды өзара қамту үшін құралдарын қамтиды.

Әрбір мән өзінің қауіпсіздік бойынша уәкілеттігіне ашық кілттің қажетті сертификатын алу үшін жүгіне алады. Егер серіктестер бір-біріне сеніп, ашық кілттерінің сертификаттарын көрсете алса, қауіпсіздік жөніндегі уәкілеттікке жүгіну қажет емес.

Ескертпе – Уәкілетті қолданбайтын қауіпсіздік жөніндегі криптографиялық қосымшалар бар. Бұл жағдайларда серіктестер ашық кілттер сертификаттарымен емес, белгілі ашық ақпаратпен алмасуы мүмкін.

Егер екі осындай серіктес симметриялық криптографияны пайдаланса, кілттің генерациясы екі тәсілдің бірімен ынталанады:

1. Мәндердің бірі кілтті генерациялап, оны Кілттерді Трансляциялау Орталығына (КТО) жібереді.

2. Мәндердің бірі Кілттерді Тарату Орталығын кейінгі тарату үшін кілтті генерациялауды сұрайды.

Егер кілт генерациясы мәндердің бірімен жүзеге асырылса, бұл кілттің қауіпсіз таратылуы, 4-суретте көрсетілгендей, Кілттерді Трансляциялау Орталығымен жүргізілуі мүмкін. Сандар алмасу кезеңдерін көрсетеді. КТО А мәнінен (1) шифрланған кілтті алады, оның шифрын ашады және оны В мәнімен бөліскен кілттің көмегімен шифрлайды. Кейін ол:

– шифрланған кілтті В (2) мәніне жібере алады;

– оны А мәнінің (3) В мәніне (4) беруі үшін қайтара алады.



4-сурет – Кілттерді Трансляциялау Орталығы

Егер кілт генерациясы сенімді үшінші тараппен жүзеге асырылса, кейін байланыс жасайтын серіктестерге кілтті таратудың екі амалы бар. Бұл жағдайлар «Кілттерді Тарату Орталығының тұжырымдамалық үлгісі» 5-суретте және «А мәнінен В мәніне кілттерді жөнелту арқылы тарату» 6-суретте көрсетілген.



5-сурет – Кілттерді Тарату Орталығының тұжырымдамалық үлгісі

5-сурет Кілттерді Тарату Орталығы екі мәндермен қауіпсіз байланыс жасай алу жағдайын көрсетеді. Бұл жағдайда кілт мәндердің бірімен генерацияланған соң, Кілттерді Тарату Орталығы екі мәндер арасындағы кілттің қауіпсіз жағдайына жауапты. Жалпы кілттің сұранысы (1) деп белгіленген, ал байланыс жасайтын серіктестер арасында кілттің таратылуы (2a) және (2b) деп белгіленген.

А және В мәндері арасына бөлінген құпия кілтті А мәні сұраған кезде, орталық екі түрлі тәсілді қолдана алады. Егер ол екі мәнмен қауіпсіз қарым-қатынас жасай алса, ол құпия кілтті жоғарыда көрсетілгендей олардың арасына тарата алады. Егер орталық А мәнімен ғана қарым-қатынас жасай алса, А мәні кілтті В мәніне беруге жауапты болып табылады. 6-суретте кілтті таратудың осы түрі көрсетілген. Жалпы кілт сұранысы (1) деп белгіленген, оның А мәніне берілуі (2) деп белгіленген. Кілттің А-дан В-ға жөнелтілуі (3) деп белгіленген.



6-сурет – А мәнінен В мәніне кілттерді жөнелту арқылы тарату

6.3 Домендер арасында кілттерді тарату

Бұл үлгіде бір жалпы криптографиялық әдісті қолданатын (симметриялық немесе асимметриялық), екі түрлі қауіпсіздік домендерге тиесілі А және В мәндері пайдаланылады. Әрбір қауіпсіздік доменінің өзінің қауіпсіздік жөніндегі уәкілеттігі бар: бірінде – А мәні сенетін, және екіншісінде – В мәні сенетін. Егер А және В мәндері бір-біріне сенсе, немесе олардың әрбіреуі басқа доменнің уәкілеттігіне сенсе, кілттер 6.1 немесе 6.2 бөліктеріне сәйкес таратылады.

А және В мәндерімен кілттерді алу кезінде екі жағдай қарастырылуы мүмкін:

– В ашық кілтінің сертификатын алу (бұл мүмкін болған кезде);

– А және В мәндерінің жалпы құпия кілтін қалыптастыру.

Бұл бөлшектер арасында түрлі қатынастар болуы мүмкін. Осы қатынастар бөлшектер арасындағы сенімділікті бейнелейді.

Мәндер ақпаратпен алмасу үшін асимметриялық әдісті қолданғанда және ашық кілттер сертификаттарын ұсынатын каталогтың жалпы қызметіне ене алмағанда, олардың әрқайсысы қауіпсіздік жөніндегі уәкілдікке серіктесінің ашық кілтінің сертификатын алу үшін жүгінеді (7-суретті қараңыз (1)). А және В домендерінің қауіпсіздігі жөніндегі уәкілеттіктер А және В (2) мәндерінің ашық кілттерінің сертификаттарымен алмасады және оларды А және В мәндеріне жібереді. Кейін А және В мәндері тікелей және қауіпсіз қарым-қатынас жасай алады (4).

Ашық кілттердің сертификаттарымен алмасу үшін басқа әдіс – қиылысқан сертификаттау (Г Қосымшасын қараңыз).

Мәндер симметриялық әдістерді қолдану арқылы қатынас жасағанда, әрбір мән тиісті уәкілеттікке (1) олардың қатынас жасауына мүмкіндік беретін құпия кілтті алу үшін қауіпсіз тәсілмен жүгіне алады. Уәкілеттіктер мәндер қолданатын жалпы құпия кілт туралы (2) келіседі. Бір уәкілетті тұлға

басқа уәкілетті тұлғаны тарату орталығы ретінде пайдалана отырып, екі мәндер арасында құпия кілтті таратады. Соңғысы кілттердің трансляциясын ((2) және (3)) қамтиды.

А мәні В мәнімен байланыс жасау үшін құпия кілтті сұраған кезде уәкілетті екі жолмен әрекет жасай алады. Егер оның екі мәнмен қатынас жасауға мүмкіндігі болса, ол екі мәндер арасында құпия кілтті, жоғарыда көрсетілгендей, тарата алады. Егер уәкілетті тек бір мәнмен ғана қатынас жасай алса, кілтті алатын мән екінші мәнге кілттің жөнелтілуіне жауапты.



7-сурет – Екі домен арасында кілтті тарату

Кей кезде А және В уәкілеттіктерінің өзара сенімді қатынастары да, тікелей байланыс жолы да болмайды. Бұл жағдайда олар, 8-суретте көрсетілгендей, екеуі де сенім артатын Х қауіпсіздік жөніндегі уәкілеттіні пайдаланады ((2a) және (2b) көрсеткіштері). Х уәкілетті кілтті генерациялап, оны А және В уәкілеттілер арасында таратады ((3a) және (3b) көрсеткіштері) (8-суретті қараңыз). Х уәкілетті алынған құпия кілтті немесе ашық кілттің сертификатын (мысалы, 2a) А уәкілеттіден В уәкілеттіге (3b) жөнелтеді. Кейін уәкілеттілер ақпаратпен қауіпсіз алмаса алатын тиісті мәндерге ((4a) және (4b) (8-суретте)) алынған кілтті жөнелтулері тиіс. Сенімдік тізбегі құрастырылғанға дейін қосымша уәкілеттілер ізденісі қажет болуы мүмкін.



8-сурет – Қауіпсіздік жөніндегі уәкілеттілер арасындағы сенімдік тізбегі

7 Арнайы қызмет көрсетушілер

Кілттерді басқару жүйесіндегі кейбір қызметтер сыртқы қызмет көрсетушілерімен ұсынылуы мүмкін. Қызмет көрсетушілер ретінде мыналар бола алады:

– Уәкілетті тіркеу органы немесе куәландыратын орталық;

– ИСО/МЭК 8732 стандартында белгіленгендей, кілтті тарату орталығы;

– ИСО/МЭК 8732 стандартында белгіленгендей, кілтті трансляциялау орталығы.

А қосымшасы
(анықтамалық)
Кілттерді басқарудағы қауіп-қатерлер

Кілтті басқару бірқатар қауіп-қатерлерге душар болады, оның ішінде:

Кілттік материалды ашу: кілттік материал шифрланбаған түрінде сақталады, қорғанбаған және оған енуге рұқсат қажет, не болмаса шифрланған және шифры ашылуы мүмкін.

Кілттік материалды түрлендіру: кілттік материал ол бағытталған түрде жұмыс істемейтіндей түрлендірілген.

Кілттік материалды рұқсатсыз жою: Кілтті немесе онымен байланысты мәліметтерді жою.

Кілттік материалды толық емес түрінде жою: бұл ағымдағы немесе болашақ кілттердің біреумен ашылуына әкеледі.

Рұқсатсыз күшін жою: қолданыстағы кілтті немесе кілттік материалды тікелей немесе жанама жою.

Ауыстыру: авторланған пайдаланушы немесе мән ретінде көрсету.

Кілттерді басқару функцияларын орындаудағы кідірістер: кілтті генерациялау, тарату, күшін жою, тіркеу мүмкіндіктері болмауында, кілттер сақтау орындарын жаңарту мүмкіндігі болмауында, пайдаланушы өкілеттік деңгейін қолдауда мүмкіндік болмауында және т.б. түрде білінеді. Кідіріс қауіп-қатері жоғарыда көрсетілген себептер салдарынан немесе тиісті жабдықтың іс жүзінде істемей қалуынан пайда болуы мүмкін.

Кілттердің дұрыс емес пайдаланылуы:

– кілтті ол бағытталмаған мақсаттарда жұмсау, мысалы, кілттерді шифрлауға бағытталған кілт мәліметтерін шифрлауға пайдалану;

– кілттің басқару құралдарын жарамсыз мақсаттарда пайдалану, мысалы, заңсыз шифрлау немесе мәліметтердің шифрын ашу;

– әрекет ету мерзімі өткен кілтті пайдалану;

– кілтті шектен тыс пайдалану;

– кілтті авторланбаған пайдаланушыларға ұсыну.

Б қосымшасы
(анықтамалық)
Кілттерді басқарудың ақпараттық объектілері

Кілтті басқарудың ақпараттық объекттері кілттен немесе кілттерден және, мүмкін, кілтті (кілттерді) қалай қолдануға болатындығын белгілейтін басқа ақпараттан тұрады. Басқарушы ақпарат тек қана анық түрде емес, кілттерді басқарудың ақпараттық объектілерін пайдалануды реттейтін келісімдерден де шығуы мүмкін. Мысалы, асимметриялық жұптың бір кілтін пайдалану екіншіні келісімді пайдаланумен реттеледі: біреуі – шифрлау үшін, екіншісі – шифрын ашу үшін.

Басқарушы ақпарат мыналарды қадағалайды:

– сол кілтпен қорғалатын объекттің түрі (мысалы, кілттерді басқарудың мәліметтері немесе ақпараттық объекті);

– мүмкін болатын операциялар (мысалы, шифрлеу, шифрын ашу);

– мүмкін болатын пайдаланушылар;

– кілтті пайдаланатын орта;

– кілтті басқарудың ақпараттық объектін пайдаланатын басқарудың нақты әдісіне немесе қосымшасына тән басқа да аспекттер.

Кілтті басқарудың ақпараттық объектісінің нақты мысалы ретінде кілттің сертификаты болып табылады. Оның куәландыратын орталықпен жазылған мынадай мәліметтері бар:

– кілттік материал;

– кілтті басқарудың тиісті ақпараттық объектісін қолданатын пайдаланушының сәйкестендірушісі;

– кілтті басқарудың тиісті ақпараттық объектісі орындайтын операциялар (анық емес берілуі мүмкін);

– кілттің қолданылу кезеңі;

– куәландыратын орталықтың сәйкестендірушісі.

ASN.1 форматындағы мынадай анықтама кілтті басқарудың ақпараттық объектісінің мысалы болып табылады, бірақ кілтті басқарудың ақпараттық объектісінде басқа да жүзеге асыруға тәуелді шамалар болуы мүмкін:

```
Key ::=          PROTECTED {KeyContents protectionType};
KeyContents::=   SEQUENCE {
                    keyID          [0] Key_ldentity,
                    keyValue       [1] Key_Value,
                    checkValue     [2] Check_Value,
                    cryptoMethod   [3] Cryptographic_
                                       Method,
                    timeStamp      [4] Time_Stamp,
                    generAuthority [5] Generating_Auth
                                       ority,
```

```
certiAuthority   [6] Certification_Au
                     thority,
issuer           [7] Issuer,
validity         [8] Validity_of_Key
                     };
```

Бұл анықтамада Key_ldentity (кілттің бірігей сәйкестендірушісі), Key_Value (кілттің мазмұны) және Check_Value (кілттің толықтылығын растау үшін тексеру сомасы) шамалары бар, мұнда Key_Value ғана міндетті шама болып табылады. Cryptographic_Method (криптографиялық әдіс), Issuer (шығарушы) және Validity_of_Key (кілттің шынайылығы) шамалары кілтті белгілі алгоритмдермен, уақытпен және пайдаланушымен шектей отырып, оның қолданылуын реттейді. Бұл шамалар кілтті пайдалануды реттеу үшін маңызды, бірақ міндетті емес. Generating_Authority (генерациялау органы), Certification_Authority (куәландыратын орталық) және Time_Stamp (уақыт таңбасы) шамалары кілттің дереккөзін растау үшін және оның жасын белгілеу үшін маңызды, бірақ бұлар да міндетті емес болып табылады. Кілттің сертификаты үшін Issuer (шығарушы) шамасы міндетті болып табылады.

В Қосымшасы
(анықтамалық)
Криптографиялық қосымшалардың дәрежелері

Криптографиялық жүйелердің жалпы жіктелуі екі негізгі криптографиялық әдістерді қолданумен белгіленеді – бұл симметриялық және асимметриялық әдістер. Кілтті басқару екі әдісті де қамтуы үшін басқа тәсіл қажет. Сондықтан бұл бөлім криптографиялық жүйелерді әдістермен ұсынылатын мүмкіндіктерге сәйкес жіктейді.

Жалпы алғанда криптографиялық жүйе екі түрлі криптографиялық қызметтерді: сәйкестендіру қызметін және шифрлау қызметін ұсынады. Шифрлау қызметтері ақпаратты криптографиялық қорғау үшін пайдаланылады, яғни олар мәліметтердің құпиялығын қамтиды. Сәйкестендіру қызметтері мәндерді, мәліметтер дереккөздерін сәйкестендіру үшін, мәліметтердің толықтылығына кепілдік беру үшін және бас тартпауды қамту үшін пайдаланылады. Криптографиялық жүйелер түрлері мен тиісті операциялар С-1 суретінде көрсетілген.



В-1 суреті – Криптографиялық қызметтер мен тиісті әдістер.

В.1 Сәйкестендіру қызметтері мен кілттер

Сәйкестендіру қызметтері өзара қатынас жасайтын мәндерді сәйкестендіру үшін (мәндердің сәйкестендірілуі), мәліметтердің шығуын сәйкестендіру (мәліметтер дереккөзін сәйкестендіру), бас тартпаушылықты сәйкестендіру үшін және мәліметтер тұтастығын қамту үшін қызмет етеді.

мәліметтер блогын бекітіп қою	бұған мәліметтер үшін олардың тұтастығын бақылау мақсатымен криптографиялық қадағалау мазмұнын есептеу кіреді, мысалы, симметриялық алгоритм көмегімен хабарламаны сәйкестендіру кодын генерациялау (MAC)

мәліметтер блогын жазу	бұған мәліметтер дереккөзін сәйкестендіру үшін, олардың тұтастығына кепілдік беру және/немесе бас тартпаушылықты қамту үшін цифрлік жазбаны қалыптастыру кіреді
бекітіліп қойылған блокты верификация-лау	бұған цифрлік жазба мәлімдеушімен және/немесе мәліметтер тұтастығын растау үшін қалыптастырылды ма екендігін анықтау үшін оны верификациялау кіреді

Сәйкестендіру қызметтерінде жазу және бекітіп қою процестері дереккөзде бар жабық ақпаратты (яғни бірігей және құпия) немесе дереккөз бен алушыға мәлім құпия ақпаратты қолданады. Верификация процесі дереккөздің жабық ақпаратын алуға мүмкіндік жоқ бәріне мәлім шаралар мен ақпаратты қолданады немесе дереккөз бен алушыға жалпы құпия ақпаратты пайдаланады. Жазудың маңызды мінездемесі бұл жазуды дереккөздің жабық ақпаратын – оның жабық кілтін пайдалану арқылы қалыптастыру. Осылайша, егер жазу дереккөздің ашық кілтімен расталса, кейін бұл жазуды жабық ақпарат иесі жасағандығы туралы үшінші тарапқа дәлелдеуге болады (мысалы, нотариалды органға).

Сәйкестендіру қызметтері үш кілт түрлерінен екеуін пайдаланады:

– бекітіп қою үшін кілт – жалпы құпия кілт

– жазу үшін кілт – дереккөзбен байланысты бірігей,жабық кілт

– верификациялау үшін кілт – немесе ашық, немесе құпия кілт.

Симметриялық әдістерде сәйкестендіру қызметі бір құпия кілтпен ұсынылған бекітіп қою кілтін және верификациялау кілтін қолданады. Асимметриялық әдістерде бұл қызмет ашық және жабық кілттерден тұратын кілттер жұбымен ұсынылған жазу кілтін және верификациялау кілтін қолданады.

В.2 Шифрлау қызметтері мен кілттер

Шифрлау қызметтері негізінде ақпараттың құпиялығын қамту үшін, және де мәліметтер тұтастығын қамту үшін қолданылады. Қолданылатын әдістерге байланысты сәйкестендіру және бас тартпаушылық секілді қауіпсіздік қызметтері де ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда екі негізгі тетік пайдаланылады:

– шифрланған мәтінді бастапқы мәліметтерден шығаратын *шифрлау операциясы;*

– ашық мәтінді тиісті шифрланған мәтіннен шығаратын *шифрды ашу операциясы.*

Шифрлау қызметі қолданылатын криптографиялық, яғни симметриялық және асимметриялық әдістерімен мінезделеді. Симметриялық әдіс қолданылғанда, шифрлау және шифрды ашу операциялары бір кілтті (жалпы құпия кілтті) пайдаланады. Асимметриялық әдіс қолданылғанда, шифрлау және шифрды ашу операциялары екі түрлі өзара байланысты, яғни ашық және жабық кілттерді пайдаланады.

Г қосымшасы
(анықтамалық)
Сертификаттың өмірлік кезеңін басқару

Бұл қосымшада ашық кілттер сертификатының өмірлік кезеңін басқаруда қолданылатын талаптар мен шаралар берілген.

Г.1 Куәландыратын орган

